



Статистика, учет и аудит, 4(95)2024. стр. 27-38

DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2024.-4.03>

Экономика және менеджмент

FTAMP 76.01.11

ӨОЖ 338.24

## КІРІСТЕРДІ ӘДІЛ ЖӘНЕ ТИІМДІ БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕТІКТЕР

*Т.М. Жарлыгасинов<sup>1\*</sup>, А.А. Сатыбалдин<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*

<sup>2</sup> *ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты, Алматы, Қазақстан*

*\*Corresponding author email: kaztalgin@gmail.com*

**Аңдатпа.** Мақала өтпелі экономикасы бар елдерге, атап айтқанда Қазақстанға ерекше назар аударып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жаңа тетіктерін зерттеуге арналған. Мақаланың мақсаты – сыбайлас жемқорлық деңгейі мен табыс теңдігі арасындағы байланысты талдау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы түрлі шаралардың тиімділігін бағалау. Зерттеу әдістемесі Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі проблемаларын талдауды, сыбайлас жемқорлық пен кірістерді бөлу арасындағы өзара байланысты статистикалық талдауды, дамыған және дамушы елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы көрсеткіштерді салыстырмалы бағалауды, сондай-ақ халықаралық осы саладағы тәжірибе. Зерттеу нәтижелері сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресу мемлекеттік билікті әділетсіз пайдаланумен күресуге бағытталған кешенді тәсілді қажет ететінін көрсетеді. Сыбайлас жемқорлық деңгейі мен табыс теңдігі арасында елеулі байланыс анықталды, бұл ұзақ мерзімді перспективада азаматтардың өмір сүру деңгейін жақсарту үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың маңыздылығын атап көрсетеді. Дегенмен, бақылау индикаторларының және сыбайлас жемқорлықты қабылдаудың Джини индексіне әсер етуінде кейбір белгісіздік байқалды, бұл осы салада одан әрі зерттеулер жүргізу қажеттілігін көрсетеді. Әртүрлі елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әдістерін салыстырмалы талдау олардың Қазақстан жағдайында тиімділігі мен қолданылуын бағалауға мүмкіндік берді. Алынған деректер мен қорытындыларды елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиісті саясатты қалыптастыру тиімділігін арттыру, кірістерді неғұрлым әділ және тиімді бөлуге және негізгі экономикалық мәселелерді шешуге ықпал ету үшін пайдалануға болады.

**Түйін сөздер:** мемлекеттік басқару; әлеуметтік сала; теңдік; жаңа технологиялар; заңнама.

**Кіріспе.** Қазіргі уақытта дамыған елдердің басты әрі негізі мәселелерінің бірі сыбайлас жемқорлық болып табылады. Оның, яғни жемқорлықтың іске асырылуының көптеген түрі көрініс табады, соның ішінде пара алу-беру, алаяқтық, параға жығу, сатып алу саласындағы жосықсыз әрекеттер және сол сияқты билікті асыра пайдалану үлгілері бар. Соның барлығы елдің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық құраушысының дамуына кері әсерін тигізіп, үлкен мәселелерге әкеліп отыр, сонымен

---

**Cite this article as:** Zharlygassinov T., Satybalдин A. Organizational and economic mechanisms for combating corruption for a fair and efficient distribution of income. *Statistics, accounting and audit*. 2024, 4(95), 27-38. (In Kaz.). DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2024.-4.03>



қоса кірістердің теңсіздігінің деңгейіне қатты әсер етіп тұр. Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесіне жеткіліксіз назар аудару кейін экономикалық құлдырауға немесе әлеуметтік тәртіптің нашарлануына әкеп соғуы мүмкін. Ондай жағдай болатын болса, мемлекеттіліктің жойылуына бірден-бір себеп болатын төңкерістік жағдайға апарады. Соған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әдістерін табу өзекті болып қалады, әсіресе дамыған елдер үшін. Бұдан бөлек, мемлекеттік билік арасындағы сыбайлас жемқорлықтың дамуының жалпы жағдайының бағалануы маңыздылығы бар. Дегенмен, бұл мәселенің елде таралуын бағалануының қиындығына байланысты күрделі міндет болып тұр. Бұл жұмыста талдау мен бағалау Қазақстаннан алынған көрсеткіштер негізінде жүргізілді. Соның нәтижесінде, бұрында Кеңес Социалистік Республикалар Одағының (КСРО) құрамдас бөліктері болған басқа да көптеген елдер сияқты Қазақстанда да мемлекеттік қызметкерлердің жосықсыз іс-әрекетіне байланысты үлкен мәселелер бар екені анықталды.

Қазақстандағы институттік қиындықтарды зерттеу барысында өте көп ғалымда жұмыс атқарды. Солайша S. Akhmetzharov пен S. Orazgaliyev [1] кәсіподақ пен сыбайлас жемқорлық арасындағы байланысты зерттеген болатын. Ғалымдардың анықтағаны бойынша, бұл мекемелердегі сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі қызметкерлер мен жұмыс берушілердің арасындағы байланыстың тиімсіздігіне әкеліп отыр, яғни соның нәтижесінде мекемелердің өздері де жұмыстарын тиімсіз жүргізіп бастады. Осылай, бұл жағдай елдегі кірістің теңсіздігіне де әсер етіп тұр, алайда ол туралы зерттеуде айтылмаған. Өзінің жұмысында A. Mitskaya [2] жемқорлыққа қарсы тәсіл ретінде қылмыстық кодексті жақсартуға көбірек назар аударған. Бұл ғалым кодексті өзгерту жолымен қандай мақсаттарға жетуге болатынын және оған қалай қол жеткізуге болатынын сипаттаған, алайда заңнамалық базадағы бұл үлкен әрі өткір өзгерістердің қандай қауіпке (тиімсіздік) әкелуі мүмкін деген мәселеге аз көңіл бөлген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша (заңсыз құмар ойындар саласында) қылмыстық шараларды A. S. Berdaliyeva, A. I. Kim, A. M. Seraliyeva және басқа да ғалымдар [3] бағалаған болатын. Ғалымдар жемқорлыққа қарсы күреске арналған шетелдік бағдарламалардың белгілі бір түрлерін қолдануды ұсынған, бірақ та бұл бағытта айтарлықтай тиімді мысалдарды көрсетпеді. A. Ospanova, S. Amandykova, S. Karsalyamova және басқа да ғалымдар [4] азаматтардың бұл салаға байланысты құқықтық саналары мен білімін жақсарту арқылы жемқорлықты қалай жеңуге болатындығына назар аударған. A. Baimenov, M. Uteshev, G. Suleimenova [5] өз кезегінде, Қазақстанның даму ерекшеліктерін және осы жағдайдағы анықталған кейбір «парадокстарға» өздерінің сипаттамаларын берген. Одан бөлек мемлекеттік саладағы қиындықтар зерттеліпті, алайда нақты бір сол жағдаятты шешуге бағытталған кеңестер ұсынбаған.

Осылайша, бұл жұмыстың мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес арқылы Қазақстандағы кірістердің теңдігін қамтамасыздандыру мүмкіндіктерін талдау болып табылады. Нәтижесінде, мемлекеттің ұзақ мерзімді келешегінде экономикалық дамуының қарқынын арттыруға, сонымен бірге елдегі әлеуметтік көріністі жақсарту мен халықтың табысын көбейтуге өте үлкен мүмкіндік болады.

**Негізгі ережелер.** Зерттеу өтпелі экономикасы бар мемлекеттер үшін, атап айтқанда Қазақстан үшін аса маңызды болып табылатын сыбайлас жемқорлықпен күресудің кешенді тәсілін енгізу қажеттілігін көрсетеді. Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі мен табыс теңсіздігі көрсеткіштері арасында статистикалық маңызды корреляция анықталды, бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың халықтың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын жақсартуға айтарлықтай әсері туралы гипотезаны



растайды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық тәжірибеге жүргізілген салыстырмалы талдау олардың қазақстандық әлеуметтік-экономикалық жүйе жағдайында олардың тиімділігі мен бейімделу әлеуетін бағалауға мүмкіндік берді. Алынған эмпирикалық деректер мен теориялық қорытындылар табысты неғұрлым әділ бөлуді қамтамасыз етуге бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық стратегияны оңтайландыруға негіз бола алады. Сыбайлас жемқорлықты бақылау және қабылдау көрсеткіштерінің Джини коэффициентіне әсер етуінде белгілі екіұштылық анықталды, бұл осы салада одан әрі зерттеуді қажет етеді. Зерттеу нәтижелерінің негізгі макроэкономикалық мәселелерді шешуге және ұлттық экономиканың тұрақты дамуына ықпал ететін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді саясатты қалыптастыру үшін практикалық маңызы бар.

**Материалдар мен әдістер.** Елдегі жемқорлыққа қарсы күресті сипаттау үшін Дүниежүзілік банк [6] қалыптастыратын жемқорлықты бақылау индексі көрсеткіштерінің бірі болып қолданылды. Бұл көрсеткіш сыбайлас жемқорлықтың кішігірім және едәуір үлкен мысалдарын көрсете отырып, мемлекеттік биліктің жеке мақсатта пайдаланылуының деңгейін бағалаған. Оның өлшемі -2,5 бастап до 2,5 дейінгі аралықта есептелінді, және соған сәйкес ол өлшем қаншалықты биік болса, елдегі жемқорлыққа байланысты жағдай да соншалықты үлкен. Жемқорлықты қабылдау индексінің де [7] көрсеткіштері қолданылды. Индекстің әдістемесі бойынша елдердің сыбайлас жемқорлықты мемлекеттік салада қабылдау негізінде 0 ден 100 ге дейінгі аралықта саралау жүргізілген, ол жерде ең жоғары балл жемқорлықты қабылдаудың ең төмен деңгейін көрсетеді. Бұл рейтингтер мемлекеттік сектордағы пара алу-беру, шығындар мен басқа да жемқорлық түрлерін есепке алу арқылы көптеген мамандар мен мекемелердің жетекшілерімен құрастырылған болатын.

Кірістердің теңдігінің деңгейін бағалау үшін кеңінен таралған Әлемдік банк тарапынан есептелінген Джини индексі [8] мен 2020 жылдағы Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлауы мен реформалары бойынша Агенттігінің ұлттық статистикасының Бюросының көрсеткіштері қолданылды [9]. Джина индексінің бағалануы 0 ден 1-ге дейін өзгереді, ол жерде 0 толыққанды мінсіз теңдікке сай келеді (барлық индивидтер бірдей табысқа ие), ал 1 үлкен, яғни максималды деңгейдегі теңсіздікті білдіреді (бір индивид барлық табысты алады, ал қалғандары ештеңе алмайды). Одан бөлек, заңнамалық базадағы бөлек, соның ішіндегі Қазақстан Республикасының «Жемқорлыққа қарсы» Заңындағы [10] сипаттамалар алынған болатын.

Сонымен қатар, зерттеу барысында Қазақстандағы теңсіздіктің деңгейін анықтау мақсатында авторлық индекс құрылды. Ол индекс Қазақстан Республикасындағы жалпы жалақының орташа деңгейіне қатысты аймақтардағы орташа жалақы деңгейінің стандартты ауытқуы негізінде құрастырылған болатын. Жалақы өлшемдері Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар бойынша Агенттігінің ұлттық статистика Бюросының көрсеткіштерінен алынды [11]. Егер мемлекет ішінде табыс теңсіздігі болмаса, онда стандартты ауытқу деңгейі нөлге теңеледі, себебі әрбір аймақтағы жалақы деңгейі бірдей болады. Осылайша, индекстің өлшемі қаншалықты нөлге жақын болады, соншалықты теңдік деңгейі жоғары болады. Индекстік максималды өлшемі қаншалықты үлкен болса да бәрібір. Бұл әдістемеді барлық өзгерістер, тіпті жалақы деңгейіне байланысты бағалануына байланысты өзгерістер есептелмесе де, не дегенмен осы әдістеме түсініп қолдану үшін өте ыңғайлы болып табылады, сонымен қатар Джини индексін бағалаудағы альтернативті, яғни соған ұқсас



әдістеме ретінде қолданыс таба алады. Зерттеу барысындағы барлық құрылымдар мен қосымша есептемелер Microsoft Excel көмегімен жүргізілді.

**Нәтижелер мен талқылау.** Жоғарыда айтылғандай, сыбайлас жемқорлық Қазақстан үшін ең өзекті мәселе болып табылады. Мемлекет тарапынан жасалынып жатқан ауқымды қадамдар мен жемқорлыққа қарсы шаралар қолданылып жатса да, бұл бағытта әлі де қиындықтар бақыланып келеді. Оның негізгі себептері ретінде бұл үдерістің жүйелілігі болып тұр: жемқорлық мемлекеттік аппарат, экономика мен қоғамдық институттарды қоса барлық қоғамның көптеген түрлі салаларына кеңінен таралып жатыр. Заңнамаға жүйелі түрде жемқорлыққа қарсы стратегиялар мен шараларды енгізу барысында пайда болатын мәселелерге тікелей байланысты жағдай маңызды болып тұр. Біртіндеп интеграциялау және жемқорлыққа қарсы стратегияларды жүзеге асыру мен нормаларын үнемі жақсарту осы күрестегі бастапқы фактор болып есептелінеді.

Қазақстанның жемқорлыққа қарсы саясаты мемлекеттік институттар мен қоғамның әртүрлі саласында болатын жемқорлыққа қарсы бағытталған шаралар мен механизмдердің жүйеден тұрады. Бұл саясаттың бастапқы сипаты «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» [11] Заңында көрсетілген жемқорлыққа қарсы күрестегі ережелер мен жауапкершілік бекітілген заңнамалық базамен анықталған. Жемқорлыққа қарсы шараларды жүзеге асыруды бағыттау мен бақылау үшін жемқорлыққа қарсы күрес бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігі құрылған болатын. Бұл орган жемқорлыққа қарсы саясаттың құрылуы мен іске асырылуы үшін, сонымен қатар жемқорлыққа қарсы тергеу істерін жүргізу үшін жауапты. Бұл орган 2015 жылы құрылды; оның құрамында зерттеу, тергеу, талдау, мониторинг жасау және тағы да басқа бөлімдері бар. Мекеме жемқорлыққа қарсы шараларды басқарады, мемлекеттік мекемелер, қоғамдастықтар мен халықаралық ұйымдармен тікелей байланыста болады. Агенттік жемқорлық сипатындағы қылмыстық істерді тергеуді жүзеге асырады, қоғамның сауаттылығын арттыру үшін білім беру бағдарламаларын жүргізеді, халықаралық серіктестік пен стандарттардың іске асырылуын қолдайды. Сонымен бірге, қаржылық айқындылықты қамтамасыз ету, қаржылық операцияларды бақылау мен қоғаммен бірге қызмет жасауға үлкен назар аударылады.

Саясаттың бастапқы әрі маңызды құрамдасы ретінде қоғамды дұрыс сауаттандыру мен ақпараттандыру, жемқорлықтың кері әсері және оның алдын алуға байланысты қоғамдық сананы жақсарту үшін бағытталған білім беру шараларын ұйымдастыру болып табылады. Жемқорлыққа қарсы нормаларды үйрету білім беру бағдарламаларына кірістірілген. Заманауи технологиялар, соның ішіндегі электрондық үкімет те жемқорлық қаупін төмендету мақсатында қолданылады. Бұл шаралар ресми тұлғалармен тікелей байланысты азайтуға бағытталған. Қазақстан БҰҰ және Дүниежүзілік банк сияқты халықаралық ұйымдармен жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы тәжірибе алмасу мақсатында белсенді түрде қызмет етеді. Қаржылық айқындылық пен қаржылық операцияларды бақылауды қатаңдастыру жемқорлыққа қарсы саясаттың маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Жоғары қызметті тұлғалардың тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес бойынша міндеттемелерді ашық көрсету және өздерінің қызметіндегі айқындылық принципін атап өту міндеттелген. Жалпы алғанда, бұл шаралардың барлығы Қазақстандағы жемқорлыққа қарсы тиімді және көпдеңгейлі жүйенің қалыптасуына бағытталған.

Дамушы елдердің әлеуметтік және экономикалық дамуында табыстың теңдігі үлкен рөл атқарады. Ол кедейліктің азаюына себепші, себебі халықтың көп бөлігі қажетті ресурстар мен қызмет көрсету түрлеріне қол жеткізе алады. Сонымен қатар,



бұл жағдай қоғамда тұрақтылық пен әділеттілік қалыптастыруға көмектеседі, соның нәтижесінде қоғам да бірдей әрі тұрақты деңгейде қалыптасып, әлеуметтік жағдай да жақсаратын болады. Одан бөлек, табыстың теңдігі экономикалық өсуге ықпал етеді, себебі тең деңгейдегі үйлестірілу бар қоғамда адамдар білім мен ресурстарға да бірдей қол жеткізе алады, оның нәтижесінде инновация, кәсіпкерліктің деңгейі мен еңбектің өнімділігі де артатын болады. Сонымен бірге, табыстың тең үйлестірілуі денсаулық сақтау және білім беру салаларында болатын реформалар арқылы жүзеге асырылады, себебі бұл салалар көптеген азаматтарға қолжетімді болады. Яғни, қоғамның денсаулық және білім деңгейі жоғарылай түседі.

Егер басқа мемлекеттердің саясатын қарастыратын болсақ, онда ең бірінші кезекте Америка Құрама Штаттарындағы жағдайға назар салған жөн. Бұл елде өте қатал заңдар жазылған, мысалы барлық мемлекеттік ресми тұлғалармен жасалған кез келген келісім жемқорлық болып саналады, сонымен бірге сол келісімді іске асыру мақсатында ақша немесе басқа да жеңілдетулер талап етілген жағдай штраф немесе абақтыға қамалумен жазаланатын қылмыс болып табылады. Одан бөлек, АҚШ-та жоғары қызметтегі тұлғалар, соның ішінде президент, конгрессмен мен сенаторлардың да соттың тергеуге қарсы ешқандай иммунитеті жоқ. Бұл елде жемқорлыққа қарсы күресу үшін этика және тәртіпке сай нормаларға сай келетін «әкімшілік мораль» деген түсінік бар. 1958-жылы қабылданған мемлекеттік қызмет этикасының кодексінде моральдік құндылықтар мен мемлекетке адалдық, заңдар мен ережелерді ұстану, бейтарап арақатынас пен қызметтік міндеттемелерге қарсы келетін уәде немесе коммерциялық арақатынастарға тыйым сияқты принциптер айқындалған және барлық шенеуніктерді жемқорлық болған жағдайларды ашық айтуға шақырады. Заңнамалық шектеулерге емес, керісінше моральдық принциптерге бағытталған осындай тәсіл көптеген дамыған елдер арасында кеңінен таралған тәжірибе ретінде көрініс табады: әсіресе, оның ең айқын ықпалы Дания мен Финляндияда байқалады. АҚШ-та мониторинг құралдары өте ауқымды дамыған, өздерінің құзырлығын асыра пайдаланған мемлекеттік қызметкерлердің жұмысына байланысты зерттеу жүргізетін арнайы жасақталған тұлғалар мен топтар бар. Сонымен қатар, айта кету керек, бұл мемлекетте мемлекеттік қызметкерлер өздерінің ресми табысынан бөлек басқа да табыс көздерінен тек қана 15% ғана алуына құқықтары бар. Басқаша айтқанда, жемқорлыққа қарсы бағытталған заңдар мен ережелер Қазақстанға қарағанда өте қатал және жемқорлықты қоғам тарапынан сынауға, кірістің айқындылығын талап етуге және жалпы жемқорлықты алдын алуға нақты бағытталғанын байқауға болады.


Ұлыбританияда жемқорлықты заңнамалық реттестіру құқықтық және әлеуметтік психологиялық деңгейде қылмыстық әрекеттерді алдын алу үшін бағытталған. Барлық мекеме мен компаниялар тұлғааралық арақатынас, сыйлықтар, көңіл көтеру үшін жұмсалған ақша мен төлемді қоса барлық жағдайларды есепке ала отырып, корпоративті саясаттың жүзеге асырылуы арқылы заңнамаға жұмыс жасап жатқанын ашық көрсетуге кеңес беріледі. Британдық Заңнама бойынша мемлекеттік және коммерциялық мекемелердің жеке жауапкершілігі бар екені көрсетілген, яғни ұйымдастырылу нормаларына сай сыйлықтар алу, төлемдер жасау және шығындардың барлығын жазбаша түрде бекітуді талап етеді. Шығындар мен ұсыныстарға байланысты барлық әрекеттерде құқықтық нормалар мен саналы сипаттың ұстанылуы өте маңызды болып табылады. Жемқорлыққа қарсы күрестегі бастапқы элемент ретінде ішкі бақылаудың тиімді жүйесі, аудит және пара алмасудың алдын алуына кедергі келтірмегені үшін жауапкершіліктің болуы болып тұр. Мәтінде көрсетілгендей, қазіргі таңдағы трансұлттық жемқорлықпен күрес құқықтық, экономикалық және әкімшілік



шараларды іске асыратын көпдеңгейлі тәсілдер мен әрекеттерді талап етеді. Осылайша, Ұлыбританиядағы жемқорлыққа қарсы күрес принциптері жалпы алғанда Америка Құрама Штаттарымен сай келеді.


Орталық Азия елдеріндегі жағдай мүлдем басқаша,. Мысалы, бұл үдеріспен күрес үшін жасақталған бағдарламаға қарамастан, Тәжікстанда іс жүзінде ешқандай әрекеттерге жүзеге асырылмаған: мемлекет ішінде заңнамада мәселелер бар, сот жүйесі айқын емес, мемлекеттік ұйымдардың жұмысына байланысты ақпараттың қолжетімділігі өте төмен болып тұр. Жемқорлыққа қарсы саясаттың өзінің болу фактісі қуантқанымен, алайда оның болашақтағы жағдайы сұрақ астында. Қырғызстанның да осы күрес бойынша әрекеті жақсы деп айта алмаймыз: жемқорлыққа қарсы көптеген заңнамалар құрылса да, көп жағдайда осы әрекет барысында ұсталған мемлекеттік тұлғалар шынына келгенде, ешқандай жазаға тартылмайды. осындай феноменнің болуы кері ықпалын көрсеткен болатын, себебі мемлекетке сыртта инвестиция өте аз құйылып жатыр. Осылайша, Орталық Азиядағы болып жатқан жемқорлық мәселесі дамуға үлкен қауіп төндіріп тұр, сонымен ол жағдай дамушы және дамыған мемлекеттерге әсер етіп тұр.

Қазіргі уақыттағы жемқорлыққа қарсы күрестегі ахуалды көрсете алатын көрсеткіштердің бірі ретінде жемқорлықты бақылау индексі болып табылады, оның мақсаты Материалдар мен әдістер бөлімінде көрсетілген. Қазақстан үшін бұл индекстің өлшемі мен сипаты төмендегі 1 Суретте көрсетілген:



Сурет 1 – 2002 мен 2022 жылдар аралығындағы Қазақстандағы жемқорлықты бақылау индексінің көрсеткіштері


1-ші суретте көрсетілгендей, жемқорлыққа қарсы күресте еліміздегі ахуал жақсарып келеді. Әсіресе, бұл тенденция 2017-жылдан кейінгі кезеңнен кейін байқалады, яғни жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған соңғы жылдары енгізілген шараларының тиімділігін көрсетіп тұр. Елдегі жемқорлыққа қатысты жағдайды сипаттау үшін тағы бір көрсеткішті қолдану болады, ол Transparency International ұйымы жемқорлықты қабылдау индексімен құрастырумен айналысатын Transparency International ұйымының сипаттамасы болып табылады. Қазақстан үшін жасалған индексті көрсеткішін 2-ші суреттен көруге болады.



**Сурет 2** – 2012 мен 2022 жылдар аралығындағы кезеңде Қазақстандағы жемқорлықты қабылдау индексінің көрсеткіші


2-ші суретте көрсетілгендей, мемлекет ішінде жемқорлықты қабылдау индексінің көрсеткіштері аталған мерзім ішінде жақсарып келеді. Бірақ, 2020-жылы 2022-жылға қарағанда ахуал жақсырақ болғанын атап өту керек, яғни соңғы жылдары жүргізіліп келген жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігінің төмендеп жатқанын көруге болады.

Елдегі табыстың теңдігінің деңгейін бағалау үшін Джини индексі қолданады. Ол Дүниежүзілік Банк тәсілімен есептеледі. 3-ші суретте негізгі мәліметтер көрсетілген.



**Сурет 3** – 2001 мен 2020 жыл аралығындағы Қазақстандағы Джини индексі

3-ші суретте көрініп тұрғандай, Джини индексінің өлшемі жыл сайын төмендеп келеді, яғни ол көрсеткіш бойынша елдегі табыстың теңдігіне байланысты жағдайдың жақсарғанын байқауға болады.



**Сурет 4** – 2010 мен 2023 жыл аралығындағы Қазақстандағы жалақы өлшеміне байланысты стандартты ауытқулар көрсеткіштері

4-ші суретте көрсетілгендей, Қазақстанда орташа жалақы өлшеміндегі стандартты ауытқу аймақтармен салыстырған кезде байқалады. Бұл көрсеткіштің өлшемі төмендеп келеді, яғни табыс теңсіздігіне байланысты жағдайдың жақсарғанын білдіреді. Айта кету керек, бұл құрастырылған индекстің көрсеткіштері Джини индексінің көмегімен алынған талдау нәтижесіне сәйкес келіп тұр.

Қазақстандағы жемқорлық деңгейі мен теңсіздік арасындағы байланыстың қандай екенін нақты анықтау үшін талдау жасалынған көрсеткіштер арасынан корреляция жасау арқылы бағалауға болады. 1 Кестеде осыған байланысты мәліметтер көрсетілген:

**Кесте 1** – Қазақстандағы жемқорлық пен теңсіздікті сипаттайтын көрсеткіштердің арасындағы корреляциялық матрица

Көрсеткіш	Авторлық индекс	Джини индексі
Жемқорлықты бақылау	-0,9064	0,8283
Жемқорлықты қабылдау	-0,7858	-0,3627

Осылайша, авторлық индекстің көрсеткішінде корреляцияның айтарлықтай ұнамсыз деңгейлері бар. Яғни, бұл көрсеткіштер арасында тұрақты түрде қалыптасқан теріс байланыс бар екенін байқауға болады. Жемқорлық индексінің динамикасы мен авторлық индекстерінің ерекшеліктерін есептей келе, Қазақстандағы теңсіздік деңгейінің төмендеуі мен жемқорлыққа байланысты жағдайдың жақсаруының арасында үлкен байланыс бар екенін нақты көруге болады. Дегенмен, Джини индексінің талдануы барысында алынған көрсеткіштер нақтыланбаған: жемқорлықты қабылдау индексімен байланыс әлсіз болып тұр, ал жемқорлықты бақылауға байланысты индексімен салыстырғанда тікелей әрі жақсырақ болып тұр. Ал бұл жағдай авторлық индекстен алынған көрсеткіштерді талдау барысында алынған мәліметтерге сай келмей тұр. Осылайша, теңсіздік деңгейі мен жемқорлықты бақылау арасындағы өзара байланысты бағалау болашақта тиянақты зерттеуді талап етеді.

**Қорытынды.** Сонымен, Қазақстандағы жемқорлыққа байланысты күрделі мәселелер шешу мемлекеттік саясаттан жан-жақты, көп кешенді әрі тұрақты тәсілдер мен ыңғайды талап етеді. Қазірдің өзінде билік тарапынан осы ахуалға қарсы көптеген үлкен жұмыстар жүргізілді, алайда оның өзі жеткіліксіз. Осыған байланысты, зерттеу





барысында, қызметкерлерді дайындау, оқыту, сонымен қатар технологияларды дамыту мен заңнамалық базаға өзгерістер енгізу сияқты және т.б. біраз ұсыныстар айқын көрсетілген болатын.

Бұл жұмыста Қазақстанның жемқорлыққа қарсы саясаты кешенді шаралар мен механизмдер жүйесін біріктіретінін көрсетілген, соның ішінде Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы Агенттігі маңызды әрі жетекші рөл атқаратындығы белгілі болды. Агенттік тергеулер жүргізуден бастап мемлекеттік бағдарламаларды қалыптастыру мен басқа да түрлі ұлттық және халықаралық ұйымдармен бірігіп жұмыс жасауға дейін ауқымды міндеттерді орындайды. Жемқорлық индекстерінің зерттеу динамикасын есептеп қарайтын болсақ, бұл мекеменің тиімді қызметі туралы тұжырым жасауға болады. Оның тиімділігін Қазақстандағы және басқа да мемлекеттердегі (Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Тәжікстан және Қырғызстан) жағдайды салыстыру көрсеткіштері де дәлелдейді. Осы көрсетілген елдердің тәжірибесіне сүйенетін болсақ, онда жемқорлықпен күресте этикалық жағына қарай назар аудару керектігін ұсынуға болады.

Зерттеу барысында, әлеуметтік және экономикалық дамудың жетекші факторы балып табылатын табыс теңдігінің маңызды рөлі туралы қорытынды жасалды. Қазіргі уақытта мемлекетте осы бағыт бойынша жақсару байқалатыны көрсетілген, себебі Джини индексі осы жұмыс барысында құралған авторлық индекс сияқты төмендеу тенденциясын айқындады. Сонымен қатар, жемқорлық деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер оң динамика мен тенденцияны көрсеткен болатын. Осыған байланысты, жемқорлыққа қарсы күрес сипатында болып жатқан көрсеткіштер халықтың өмір сүру деңгейіне жақсы әсер етіп жатқандығы туралы қорытынды жасалды. Бұл қорытындылар көрсеткіштер теориялық пікірлер мен басқа да ғалымдардың эмпирикалық бағалауымен толықтай сәйкес келеді. Болашақ зерттеулерді жүргізу үшін жемқорлық пен оған қарсы бағытталған шаралардың мемлекеттің басқа да экономикалық және әлеуметтік дамуына (мысалы – жұмыссыздық деңгейі) қалай әсер етуін сараптау өзекті болып табылады.

**Қаржыландыру туралы ақпарат.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Сыбайлас жемқорлықтың қазақстандық қоғамдағы үлестіру қатынастарының деформациясы мен әлеуметтік жіктелуіне ықпалы» атты жобасы гранттық қаржыландыру аясында дайындалды (ЖРН гранты AP14869922)

## ОРГАНИЗАЦИОННО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ МЕХАНИЗМЫ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ ДЛЯ СПРАВЕДЛИВОГО И ЭФФЕКТИВНОГО РАСПРЕДЕЛЕНИЯ ДОХОДОВ

*Т.М. Жарлыгасинов<sup>1\*</sup>, А.А. Сатыбалдин<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

*<sup>2</sup>Институт экономики КН МНВО РК, Алматы, Казахстан*

**Резюме.** *Статья посвящена изучению новых механизмов противодействия коррупции, с особым фокусом на страны с переходной экономикой, в частности, Казахстан. Цель статьи – проанализировать связь между уровнем коррупции и равенством доходов, а также оценить эффективность различных антикоррупционных мер. Методология исследования включает в себя анализ основных проблем противодействия коррупции в Казахстане, статистический анализ взаимосвязи коррупции и распределения доходов, сравнительную оценку показателей борьбы с коррупцией в развитых и развивающихся странах, а также обзор международного опыта в этой сфере. Результаты исследования показывают, что эффективное противодействие коррупции требует комплексного*



подхода, направленного на борьбу с недобросовестным использованием государственной власти. Выявлена существенная связь между уровнем коррупции и равенством доходов, что подчеркивает важность антикоррупционных мер для повышения уровня жизни граждан в долгосрочной перспективе. Однако отмечена некоторая неопределенность во влиянии показателей контроля и восприятия коррупции на индекс Джини, что указывает на необходимость дальнейших исследований в этой области. Проведенный сравнительный анализ методов борьбы с коррупцией в различных странах позволил оценить их эффективность и применимость в контексте Казахстана. Полученные данные и выводы могут быть использованы для повышения эффективности формирования актуальной антикоррупционной политики в стране, способствуя более справедливому и эффективному распределению доходов и решению ключевых экономических проблем.

**Ключевые слова:** государственное управление; социальная сфера; равенство; новейшие технологии; законодательство.

## ORGANIZATIONAL AND ECONOMIC MECHANISMS FOR COMBATING CORRUPTION FOR A FAIR AND EFFICIENT DISTRIBUTION OF INCOME

T. Zharlygassinov<sup>1\*</sup>, A. Satybaldin<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup> Institute of Economics CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan

**Summary.** The article is devoted to the study of new anti-corruption mechanisms, with a special focus on countries with economies in transition, particularly Kazakhstan. The article aims to analyze the relationship between the level of corruption and income equality, as well as to assess the effectiveness of various anti-corruption measures. The research methodology includes an analysis of the main problems of countering corruption in Kazakhstan, a statistical analysis of the relationship between corruption and income distribution, a comparative assessment of anti-corruption indicators in developed and developing countries, as well as a review of international experience in this area. The results of the study show that effective counteraction to corruption requires a comprehensive approach aimed at combating the unfair use of state power. A significant relationship between the level of corruption and income equality was found, which emphasizes the importance of anti-corruption measures for improving the living standards of citizens in the long term. However, there is some uncertainty in the impact of the indicators of control and perception of corruption on the Gini index, which indicates the need for further research in this area. The comparative analysis of anti-corruption methods in various countries allowed us to assess their effectiveness and applicability in the context of Kazakhstan. The obtained data and conclusions can be used to improve the effectiveness of the formation of relevant anti-corruption policies in the country, contributing to a more equitable and effective distribution of income and solving key economic problems.

**Keywords:** Public Administration; Social Sphere; Equality; Latest Technologies; Legislation.

### Әдебиет тізімі

1. Akhmetzharov, S., Orazgaliyev, S. Labor unions and institutional corruption: The case of Kazakhstan // Journal of Eurasian Studies. – 2021. – №12 (2). – P.133-144. <https://doi.org/10.1177/1879366521104119>.
2. Mitskaya, A. Fighting Corruption in Kazakhstan by Force of Criminal Law // Cosmopolitan Civil Societies: An Interdisciplinary Journal. – 2023. – №15 (2). – P. 1-18. <https://doi.org/10.5130/ccs.v15.i2.8346>.
3. Berdaliyeva, A., Kim, A.I., Seraliyeva, A. M., Gassanov, A. A., Dunentayev, M. V. Criminological measures to counteract corruption offences in the field of illegal gambling // Journal of Financial Crime. – 2021. – № 30 (1). – P. 4-23. <https://doi.org/10.1108/JFC-11-2021-0246>.
4. Ospanova, A., Amandykova, S., Kapsalyamova, S., Muratkhanova, M., Osmanova, D. Combating corruption by developing the active civil position in Kazakhstan // Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues. – 2022. – №25 (1). – P. 1-9.
5. Baimenov, A., Uteshev, M., Suleimenova, G. Kazakhstan: Progress and Its Paradoxes // Public Service Evolution in the 15 Post-Soviet Countries. – 2022. – №. 15. – P. 199–249. [https://doi.org/10.1007/978-981-16-2462-9\\_7](https://doi.org/10.1007/978-981-16-2462-9_7).



6. World Bank. Worldwide Governance Indicators. [Электронды ресурс]. - Available at: <https://databank.worldbank.org/source/worldwide-governance-indicators#> (қаралған күні: 03.02.2024).
7. Transparency International [Электронды ресурс]. - Available at: <https://www.transparency.org/en/cpi/2022/media-kit> (қаралған күні: 22.05.2024).
8. World Bank Gini Index. [Электронды ресурс]. - Available at: <https://data.worldbank.org/indicator/SI.POV.GINI?locations=KZ-1W> (қаралған күні: 17.08.2024).
9. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан [Электронды ресурс]. - Available at: <https://stat.gov.kz/Ru/> (қаралған күні: 27.06.2024).
10. Қазақстан Республикасының Заңы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» [Электронды ресурс]. - Available at: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=33698576#activate\\_doc=2](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33698576#activate_doc=2) (қаралған күні: 04.08.2024).
11. Қазақстан Республикасындағы халықтың 2020 жылғы табысын саралау туралы [Электронды ресурс]. - Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/stat/press/news/details/195306?lang=kk> (қаралған күні: 19.08.2024).

## References

1. Akhmetzharov S., Orazgaliyev S. Labor unions and institutional corruption: The case of Kazakhstan. *Journal of Eurasian Studies*, 2021, 12(2), pp. 133-144. <https://journals.sagepub.com/doi/full/10.1177/18793665211041198>
2. Mitskaya A. Fighting Corruption in Kazakhstan by Force of Criminal Law. *Cosmopolitan Civil Societies: An Interdisciplinary Journal*, 2023, 15(2), pp. 1-18. <https://epress.lib.uts.edu.au/journals/index.php/mcs/article/view/8346/8209>
3. Berdaliyeva A. S., Kim A. I., Seraliyeva A. M., Gassanov A. A., Dunentayev M. V. Criminological measures to counteract corruption offences in the field of illegal gambling. *Journal of Financial Crime*, 2021, 30(1), pp. 4-23. <https://www.emerald.com/insight/content/doi/10.1108/JFC-11-2021-0246/full/html>
4. Ospanova A., Amandykova S., Kapsalyamova S., Muratkhanova M., Osmanova D. Combating corruption by developing the active civil position in Kazakhstan. *Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues*, 2022, 25(1), pp. 1-9.
5. Baimenov A., Uteshev M., Suleimenova G. Kazakhstan: Progress and Its Paradoxes. *Public Service Evolution in the 15 Post-Soviet Countries*, 2022, 15, pp. 199-249. [https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-981-16-2462-9\\_7](https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-981-16-2462-9_7)
6. World Bank. Worldwide Governance Indicators. Available at: <https://databank.worldbank.org/source/worldwide-governance-indicators#> (қаралған күні: 03.02.2024).
7. Transparency International. Available at: <https://www.transparency.org/en/cpi/2022/media-kit> (қаралған күні: 22.05.2024).
8. World Bank Gini Index. Available at: <https://data.worldbank.org/indicator/SI.POV.GINI?locations=KZ-1W> (қаралған күні: 17.08.2024).
9. Вјуро Националној Статистики Агентства По Стратегическому Планированию И Реформам Республики Казахстан. Available at: <https://stat.gov.kz/Ru/> (қаралған күні: 27.06.2024).
10. Қазақстан Республикасының Заңы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы». Available at: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=33698576#activate\\_doc=2](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33698576#activate_doc=2) (қаралған күні: 04.08.2024).
11. Қазақстан Республикасындағы халықтың 2020 жылғы табысын саралау туралы. Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/stat/press/news/details/195306?lang=kk> (қаралған күні: 19.08.2024).

### Авторлар туралы ақпарат:

**Жарлыгасинов Талгат Мейрканович\*** – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Экономика және бизнес жоғары мектебінің постдокторанты, Алматы, Қазақстан, e-mail: [kaztalgin@gmail.com](mailto:kaztalgin@gmail.com), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1478-6505>

**Сатыбалдин Азимхан Абылкаирович** – профессор, э.ғ.д., Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты, Алматы, Қазақстан, email: [ieconomkz@gmail.com](mailto:ieconomkz@gmail.com), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7421-4472>



**Информация об авторах:**

**Жарлыгасинов Талгат Мейрканович\*** – Постдокторант Высшей школы экономики и бизнеса Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: [kaztalgin@gmail.com](mailto:kaztalgin@gmail.com), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1478-6505>

**Сатыбалдин Азимхан Абылкаирович** – профессор, д.э.н., академик НАН РК, Институт экономики КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: [ieconomkz@gmail.com](mailto:ieconomkz@gmail.com), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7421-4472>

**Information about authors:**

**Zharlygassinov Talgat Meirkanovich\*** – Postdoctoral Student at the Higher School of Economics and Business of the Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: [kaztalgin@gmail.com](mailto:kaztalgin@gmail.com), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-1478-6505>

**Satybaldin Azimkhan Abylkairovich** – Prof., Dr. Sc. (Econ.), Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Institute of Economics CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: [ieconomkz@gmail.com](mailto:ieconomkz@gmail.com), ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7421-4472>

Алынды: 02.09.2024

Қарауға қабылданды: 16.09.2024

Онлайн қолжетімді: 10.10.2024